Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі "Алға жүрелеп жылжу". Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.	Қазақ тілі "Үй құстары. Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының себептерін түсіндіру. Музыка "Адам еңбегіне жыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.	Дене тәрбиесі "Арақашықты сақтау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.	Музыка "Көгершіндер әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	Дене тәрбиесі "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету.
	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ұ], [ү] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру;	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Көлдерге қонған үйректерді санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет." Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларға Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал".	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап". Мақсат-міндеттері. Құстардың суреттерінің	Жұмбақтар жасыру кезегі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Көкөністер туралы жұмбақтар Мақсат-міндеттері. Жұмбақ шешу өнеріне баулу. Балалардың қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды әңгіме айтуға

	<p>дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болып естілуін түсіндіру.</p> <p>Қимылды ойын. "Қаздар! Ұшындар!"</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға ойын шартына сай қозғалуды үйрету; ойындағы мәтін бойынша диалогке қатысуға, рөлді сөздеріне сай атқаруға жаттықтыру; белсенді қарым-қатынасқа, шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>(дене тәрбиесі)</p>	бағдарлауды, зейінді дамыту.	<p>Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.</p> <p>"Бұлбұл".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бұлбұлдың сыртқы көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>"Құстар қалай дыбыстайды?"</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға құстарды сыртқы бейнесі және дыбыстауы бойынша бір бірінен ажыратуды, тануды үйрету.</p>	<p>арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту.</p> <p>Жапсырудан ойын-жаттығулар.</p> <p>"Көлшіктегі торғайлар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыдан шенберді шығарып кию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруды, дайын дайындамаларды пайдаланып торғайдың қанаттарын жапсыруды үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын. "Құстың ұясы".</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыруды үйрету.</p>	<p>үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Күндіз сөнген шырағы, Түнде көрер қырағы. (Үкі)</p> <p>Екі айыр құйрығы, Мұрт сияқты қанаты. Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш)</p> <p>Секектеп бір тұрмайды, Өреден құрт ұрлайды. (Сауысқан)</p> <p>Өз атын ғана Қайталап жүреді. Бір ғана сөз біледі Және жоқ қонысы. (Көкек)</p>
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>				
Серуен	<p>Қауіпсіздік. Сауысқанды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; олардың маусымға тән тіршілік етуіне қажетті</p>	<p>Қауіпсіздік. Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау; құстардың маусымға тән тіршілік етуіне қажетті жағдайларды анықтауға үйрету; құстарды</p>	<p>Қауіпсіздік. Құстарды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың ұғымындағы аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға ойын</p>	<p>Қауіпсіздік. Құстың ұшуын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Учаскіге жақын ұшқан құстардың маусымға тән тіршілік ерекшеліктерін байқауға үйрету; құстарды аялау, байқағыштық сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Құстарды</p>	<p>Экология. Қауіпсіздік. Солған гүлдерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді анықтау: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық); өсімдіктерді күзде солып кетуін суықтардың келуіне</p>

<p>жағдайларды анықтауға үйрету; байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу. "Сауысқан".</p> <p>Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан.</p> <p>Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан.</p> <p>Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан.</p> <p>(Ел аузынан)</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орналастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректенуі барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау.</p> <p>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі белгі сөздерді мұқият тындап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіруді, жылдам</p>	<p>аялау, байқағыштық сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.</p> <p>Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қысқы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару.</p> <p>Торғайдың сыртқы көрінісіне қарап, оның қоңыр, сұр, кара түстерді байқауға болатынын көрсету.</p> <p>"Торғай".</p> <p>Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың.</p> <p>Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орналастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректенуі барысын бақылауға</p>	<p>аланына немесе бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдатады да, оларды ажыратуды ұсынады.</p> <p>Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонна жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады.</p> <p>Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді.</p> <p>Торғай - шырылдайды.</p> <p>Қарға - қарқылдайды.</p> <p>Сауысқан - шықылықтайды.</p> <p>Бөдене - бытпылдайды.</p> <p>Бұлбұл - сайрайды.</p> <p>"Торғайдың әні"</p> <p>артикуляциялық жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды мәтінді еске сақтауды және мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру.</p> <p>Ж. Сымақов "Торғай".</p> <p>Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды.</p> <p>Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.</p> <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды</p>	<p>бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.</p> <p>Құстардың әртүрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсіндіру.</p> <p>Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды.</p> <p>Қанаттарының көмегімен құстар бір орыннан екінші орынға, жерді баспай ұшып барады, аспанда қалықтайды.</p> <p>Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады.</p> <p>Құстар аяқтарымен жүреді және секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді.</p> <p>Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып қалықтайды. Мысалы, бүркіт биік ұшып, қалықтап, өз қорегін аңиды.</p> <p>Балаларға құстардың ұшып, қалықтап жүретінін бейнежазбадан көрсету.</p> <p>"Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру.</p> <p>- Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып шапалақтайсындар, "төмен" десем - төмен отырып, тыныш отырасындар.</p> <p>Күлімдейді алтын күн.</p>	<p>қарапайым себеп-салдарлық байланысты деп анықтауға көмектесу.</p> <p>Қауіпсіздік. Экология.</p> <p>Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Міне, келіп жетті ауламызға сұрғылт кезең, Көше, бау-бақшаны тұман басып, елең-елең.</p> <p>Гүлдер солып, жапырақтар түсіп, жел соқты, Көл бетінде қаздар шулап, қанат қақты. (Д. Ахметова)</p> <p>Экология. Үнемділік.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: гүлдер тұқымдарын жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды тұқым жинауға ынталандыру, экологиялық білім негіздерін қалыптастыру.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»</p> <p>Ұлттық ойын. Түйілген орамал (дене тәрбиесі, қазақ тілі)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға</p>
---	---	--	--	--

	<p>жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін ойнап тұрады.</p> <p>Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасындар? Қайда қонып, ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшуға") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанатын. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады.</p>	<p>мүмкіндіктер жасау. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлінеді, екі бағытқа қарайды, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншыларынан өзіне көп қосып алса, сол топ ойында жеңеді.</p>	<p>коректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орнаастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректену барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.</p>	<p>Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кішкентай болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады. "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдық, зеректік, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіру қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" деп санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тарандар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады.</p>	<p>үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. "Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін сақтауға жаттықтыру.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйретуді жалғастыру.</p>				

	<p>Бетім мен қолды, Оң қол мен солды, Сабынмен жуа білемін. Сол себептен таза жүремін. Ұнатамыз тазалықты, Ұстанамын осы қылықты. (Д. Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Түскі ас	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, сауықтыру-шынықтыру шаралары.) Қандай дәмді тағам! Бұны пісірген қай адам? Қасықты дұрыс ұстап алу - Бұл бірінші қадам. Ад қалған қадамдар, Біледі балалар - Қасықтап алып қасықты, Тамақты жеу әдепті. (Д. Ахметова)</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка)</p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)</p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Ақ қасқыр» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі)</p>	<p>Ертегінің желісіне қызығушылық танытады. "Мақта қыз бен мысық" ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)</p>
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу. «Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер сызу. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшымен және өкшемен тұрып айналу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі, дербес әрекет) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-	<p>"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен</p>	<p>"Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>Вариатив. Математика негіздері "Алан мен Дана қонақта". Мақсат-міндеттері.</p>	<p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Тыраулайды тырналар".</p>	<p>«Аналар мектебі». «Өнегелі тәрбие». табиғат бұрышындағы еңбек әрекеті: "Бөлме өсімдіктерін</p>

<p>баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</p>	<p>таныстыру) Мақсат-міндеттері. Белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, еске сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар. Өртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл және тағы басқа. «Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен</p>	<p>Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". (қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бес тас" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылықтарын дамыту; физикалық қасиеттерді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. "Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау. Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ойын барысында балалар мен бірге театрдың маңызы, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіндігіне қарай перделер және тағы басқа), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын</p>	<p>жуу". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, суару, жапырақтарын жуу; суару әдістері (тегенеде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. Жабдықтар: су бүркегіштер, сорғыштар, мата шүберектері, тегенелер, төсеніш, су құйғыш, алжапқыштар. "Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуге (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) ынталандыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға үйрету. Педагог белгілі заттарды (ойыншықтарды немесе құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт</p>
--	--	--	---	---	--

	білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас құруға тәрбиелеу.	орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа. Барысы. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды.		құралдар. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі.	бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады.
Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер». Мақсат-міндеттері. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі сурет қиындылары. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	«Танып ал да, атын ата». Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)	Тыныс алу жаттығуы: «Мен құйынмын». Мен құйынмын, құйынмын, Шаң тозаңды үйірдім. Ү-ү-ү-ү-ф! Кездескеннің барлығын Ұшырамын деп шүйілдім. Ү-ү-ү-ү-ф! Өлең жолын тәрбиеші айтады, әр екі жол сайын балалар тыныс алу жаттығуын жасайды. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Суреттерді қарастыру жаттығуы. "Қазақстанның көрікті жерлері". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қазақстанның көрікті жерлерінің суреттерін қарастырып, қарапайым сөйлем, қысқа әңгіме құрастыруға ынталандыру; ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы	Дидактикалық ойын "Құстарды көлеңкесінен таны". Мақсат-міндеттері. Баланың зейін қабілетін дамыту, затты сөзбен сипаттауды, ұқыптылықты үйрету. Құстардың суреттерін құстардың көлеңкесімен сәйкестендіреді. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	"Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар,

			ұғымдарын дамыту; Отанды сүйеге, патриотизмге тәрбиелеу.		кемпірқосақ, қар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.
Серуенге дайындық	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру)</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p> <p>Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).</p>				
Серуен	<p>Бұлтты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары: жел, бұлт, жаңбыр - туралы ұғымдарын кеңейту; осы құбылыстар арасындағы себеп-салды байланыстарды анықтауға көмектесу; ақыл-ой, қиялды, байланыстыра сөйлеуді дамыту.</p> <p>Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз.</p> <p>Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.</p> <p>Жұмбақтар.</p> <p>Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар.)</p> <p>Көзі жасты жылжып, келе жатыр бір алып,</p>	<p>Қауіпсіздік. Кешкі күнді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тірі және өлі табиға туралы ұғымдарды, күн - жарық көзі екені жайлы түсініктерін тиянақтау; күннің жарығына, жылуына өсімдіктер, жан-жануар және адам тәуелді екенін анықтау; табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p> <p>Күннің көзіне тура қарамауды қадағалау, фотопленканы қолдану. Зерттеу.</p> <p>Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.</p> <p>- Күнге қарағанда, өзіңді қалай сезінесің?</p> <p>- Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?</p> <p>Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p>	<p>Қауіпсіздік. Қарғаны бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, құстардың тіршілік етуіне ізденімпаздық пен қызығушылықты тәрбиелеу, құстарды қорғауды түсінуге баулу..</p> <p>Қауіпсіздік. Құстарды бақылауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.</p> <p>Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар, Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. (Ел ауызынан)</p> <p>Балалар қарғаның дыбыстарын тыңдап ("қар-қар" деген үн қатады; "қарға қарқылдайды"), сыртқы пішініне қарап (қара мен сұр түсті), денесі кесек, өзге құстарға өте ұқсamatынын байқайды.</p>	<p>Қауіпсіздік. Экология. Қарағашты бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; қарағаш ағашымен таныстыру, оны қарастыру, оған тән белгілерді, басқа ағаштардан айырмашылығын анықтау; күзде қарағаштың жапырақтарды түсіру құбылысын қарапайым себеп-салдарлық байланыстар (суықтарға дайындалу) деп түсінуге көмектесу.</p> <p>Табиғат объектілерін бақылауда қауіпсіздікті ұстануды қадағалау.</p> <p>Балалардың экологиялық білімдерін қалыптастыру (ағаштарды аялау, ағаштың пайдасы).</p> <p>Тайыр Жароков "Қарағаш".</p> <p>Қара боран өгінде Тұрған мынау қай ағаш? —</p>	<p>Қауіпсіздік. Экология. Аққайыңды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар; аққайың ағашымен таныстыруды жалғастыру, оны қарастыру, оған тән белгілерді, басқа ағаштардан айырмашылығын анықтау; күзде қайың ағашының жапырақтарды түсіру құбылысын қарапайым себеп-салдарлық байланыстар (суықтарға дайындалу) деп түсінуге көмектесу.</p> <p>Табиғат объектілерін бақылауда қауіпсіздікті ұстануды қадағалау.</p> <p>Балалардың экологиялық білімдерін қалыптастыру (ағаштарды аялау, ағаштың пайдасы).</p> <p>Қайың – әдемі ағаш; ақ түсті</p>

<p>Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт.) "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге</p>	<p>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Түйілген орамал" қазақ ұлттық ойыны (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер</p>	<p>Педагог қарғаның өте ақылды құс екенін дәлелдейтін оқиғалар жайындағы бейнежазбаларды көрсету мүмкін. Балаларға "Қарға мен түлкі" мысалын еске түсіру; түлкінің қарғаны қаншалықты алдап кеткені туралы әңгімелеу. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың қыстайтын құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орналастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректену барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен</p>	<p>Десем,— тоғай шетінде Қайыспайтын қарағаш. Мүйізіндей арқардың Бұтағы буда қарағаш Тұр үстінде ақ қардың Аяздан тоңбай жалаңаш. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: жапырақтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: жапырақтарды жинау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге баулу. «Мысық пен тышқан» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: балаларды ойын шартына сай, әділ ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшандыққа, жылдамдыққа машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. - Мысығымыз момықай, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Тышқан: - Бұтақты да кемірдім, Кітапты да кемірдім, Мен осындай жемірмін, Шиық-шиық, шиық-шиық. Түк-түк, түк-түк, Қане, ортаға шық-шық! Мысық: - Мияу!</p>	<p>қабығымен ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі шымыр. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Қайынның шырыны өте пайдалы, оны діңінен ағызып жинайды. Марфуға Айтқожина "Ақ қайыңдар" Ақ қайыңдар алқаптарды алқымдап, Кешкі арай жатыр шынды алтындап. Самал желмен желпінеді тау тұтас, Бой жазып бір таза ауада салқындап. «Өнегелі тәрбие». "Қауіпсіздік. Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен құрғақ жапырақтарды жинау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білуге баулу. Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту. Қауіпсіздік. "Өз ағашыңа жүгір!" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)</p>
--	---	---	--	--

	<p>дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. «Өнегелі тәрбие». Еңбек: гүлзардағы солған гүлдерді жинау. Мақсат-міндеттері. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. «Қауіпсіздік». Еңбекте, құралдарды қолданғанда қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар». Мақсат-міндеттері. Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті жасауы.</p>	<p>жасап тұрады. Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру қабілетін қалыптастыру; сызықты баспауға үйрету; шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Өздігінен ойналатын ойындар. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. «Тыныш жүгіріп өт» қимыл-қозғалыс ойыны (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету; жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өтуге ынталандыру; шыдамдылық, икемділік, ептілік физикалық қасиеттерді дамыту; ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп бару, кері жүгіріп қайту), белсенділікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау. Өздігінен ойналатын ойындар. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру)</p>	<p>Кім-ай, мынау "шиық-шиық" - демей, "Шық-шық!" - дейді? Бұл тышқанның өнерін, Қане, байқап көрейін. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшандыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. Өздігінен ойналатын ойындар. Мақсат-міндеттер. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Мақсат-міндеттері: балалардың ағаштарды сыртқы белгілері (атауы) бойынша ажырата білу дағдыларын дамыту; қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту, физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Қауіпсіздік. Қимыл-қозғалыс ойындарда қауіпсіздік ережелерін ескерту, қадағалау. Учаскідегі ағаштар атауларын еске түсіру (қарағаш, үйеңкі, терек, аққайың), орындарын анықтап алу. Көру (есту) сигналына жылдам әрекет етуді үйрету, қажетті ағаштың қасына барып тұру; Реакция жылдамдығын, кеңістікте бағдарлану қабілетін дамыту. Педагог әртүрлі ағаштардың суреттері бейнеленген карточкаларды кезекпен көрсетеді. Балалар балабақша ауласында көрсетілген ағашқа қарай жүгіріп баруға тырысады.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйретуді жалғастыру. Бетім мен қолды,</p>				

	<p>Оң қол мен солды, Сабынмен жуа білемін. Сол себептен таза жүремін. Ұнатамыз тазалықты, Ұстанамын осы қылықты. (Д. Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Кешкі ас	<p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Ас ішу мәдениеті ережелерін қайталау. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, көркем әдебиет) Ойын жаттығу. Нан қоқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар, Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты тауысу, тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру.</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа</p>	<p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа</p>	<p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Міндеттер. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа</p>

		дамыту.	заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.		заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту.	Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары".	Кеңес: "Ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген кезде өзін қалай ұстау қажет?"	Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.

28.10 - 31.10.2025ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Әділдік бар жерде татулық та бар, татулық бар жерде бақыт та бар.					
Балаларды қабылдау		Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру		Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.	«Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.	Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,		«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды	"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). (математика негіздері, қоршаған	"Пазлды құра" ойын-жаттығуы. (құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)	Қауіпсіздік. "Мен және мен туралы" жаттығуы (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)

<p>эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p>	<p>патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Сюжетті-рөлдік ойын "Шағын дүкен". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды.</p>	<p>әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шенбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.) - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.) - Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.)</p>	<p>Мақсат-міндеттер: қоршаған заттар туралы түсініктерді тиянақтау; құрастырылған пазл бөлшектерінің кеңістікте, жазықтықта, орналасуын айқындау, тұтас бейнені құрастыруға ынталандыру; салыстыру, жалпылау, заттарды дұрыс атауға; қодың ұсақ моторикасын, ойлау қабілетін дамыту. "Көгөністі, жемісті танып, атауын ата" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктерді жіктей білуді дамыту; қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу; балалардың сөздік қорын байыту;</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. "Алманы құрастырамын" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған түрлі-түсті алманың суреттері беріледі. Балалар өздері таңдаған бір алманы құрастырып шығады. (танымдық дағдылар)</p>
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 оңға иілу. 3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2 отыру, секіртпені жоғары</p>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 оңға иілу. 3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2 отыру, секіртпені жоғары</p>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 оңға иілу. 3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2 отыру, секіртпені жоғары</p>	<p>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 оңға иілу. 3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2 отыру, секіртпені жоғары</p>

		көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта. 1 денені оңға бұру. 2 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта. 1 денені оңға бұру. 2 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта. 1 денені оңға бұру. 2 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір орында екі аяқты бірге қосып секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)	көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта. 1 денені оңға бұру. 2 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты бірге қосып секіру.
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Жомарт күз" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: адамның күзгі еңбегі, астық жинау жайында суреттерді қарастыру; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: А. Сарбөпин «Бір қап бидай», Н. Құмар «Тәтті алма», "Масақ" украин халық ертегісі. "Күй күмбірі": "Абай толғау" (орындаған Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii «Өнегелі»: Қауіпсіздік және жүріс-тұрыс ережелері. Тақырыбы: «Қауіпсіздікті қалай сақтаймыз?» Мақсаты: балаларға үйде және көшедегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету.				
		«Сәлемдесу». Балалар екі-үш жұп құрап тұрады. Әртүрлі елдің адамдарының сәлемдесу рәсімін көрсетеді.	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді	Күздің кереметі тақырыбындағы суретке қарап әңгімелесу. (тіл дамыту)	«Дауысына қарай ажырат» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру

		(тіл дамыту)	талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер.		және жетілдіру.
Кестеге сәйкес ҮІӨ		Қазақ тілі "Не, қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты". Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Музыка "Күз әуені". Мақсат-міндеттері. Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын үйрету.	Дене тәрбиесі "Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету.	Музыка "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету.	Дене тәрбиесі "Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсат-міндеттері. Балаларға кимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен ұстап, бастан асыра кедергінің үстінен лақтыруды үйрету.
		Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Бақшадағы мол өнім". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту. "Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні,	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Кішкентай бағбан". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру. Мүсіндеуден ойын-жаттығулар. "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балалардың бірден бастап төртке дейінгі сандар жөніндегі түсініктерін тиянақтау; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын бекіту; тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы бекіту, "қанша	«Қаржылық сауаттылық». «Дүкен» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; «қанша?», «барлығы

		<p>түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету.</p>	<p>келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?" Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аударып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету.</p>	<p>болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге машықтандыру. «Мейірімділік ағашы» (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, әділ әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу; «игі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог балалардың назарын ватман парағына салынған «мейірімділік ағашына» аударады және олардан игі істер туралы айтып беруді сұрайды. Қатысушылар айтқан сөздеріне қарай ағашқа жемістің суретін салады. Ойын балалар өздерінің игі істерін айтып болғанға дейін жалғасады. Ойынның соңында ағаштың суретін қабырғаға іліп қоюға болады және оған арасында жаңа жемістер қосуға болады.</p>	<p>қанша?», «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету; көп, аз, артық, кем, тең туралы ұғымдарды бекіту; қоршаған ортадағы кез келген зат – ойыншықтар, киім-кешек, тамақ – адамдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсіндіру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын, пайда, кіріс ұғымдарын түсіндіру. Материал: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көгөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар. Барысы: 1-нұсқа. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. Құрастырудан ойын-жаттығулар. "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету.</p>
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). Балалар, күн райы Өзгереді күн сайын. Біресе жел соғып, Біресе шуақ шашып, Күніне жүз құбылып, Қуантады әрдайым. Ойланайық, сондықтан Далаға шығар алдында: Болжап алып күн райын, Құбылмалы сипатын, Күнге қарай киініп, Қуанып ойнап жүрейік. (Д.Ахметова)</p>				
<p>Серуен</p>		<p>Бірінші қатқакты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін байқауға үйрету; қоршаған әлемге сүйіспеншілікті арттыру. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқакты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін,</p>	<p>Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды). Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Мүбәрәк Жаманбалинов</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр) кеңейту; бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты); ауа райына сәйкес киінуді түсіндіру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқату. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен</p>	<p>Ересек балаларды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасында байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз,</p>

	<p>Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны) (дене тәрбиесі). Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келгенде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу қашып" қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p>	<p>"Жаңбыр" Аспанда бұлт түйілді, Жерде ойнатты құйынды. Табиғат отпен қол қойып, Ақырып бұлтқа бұйырды: Жу егінді, бақшаны! Көшедегі бас шанды Бұлт бұйрықтан аспады, Жаңбыр жауа бастады. Қимылды ойын. «Өзіне жұп табу». (дене тәрбиесі) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момықан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық"</p>	<p>бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру) Максат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойды дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттергі жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарайық, далада желдің барын немесе жоғын анықтап көрейік. Далада жел бар болса, оның қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа қарай соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа қарай соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп,</p>	<p>Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене тәрбиесі) Максат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын. Түйілген орамал (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Максат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады, қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы</p>
--	--	---	---	---

	<p>"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Қимылды ойын: «Кең қадам». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру қабілетін қалыптастыру; сызықты баспауға үйрету; шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалса – ойыннан шығасың). Өз бетімен ойналатын ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру; ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>	<p>"тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p>	<p>жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетіне "қасқырлардан қауіпсіз" орынды балаларға алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады. "Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету.</p>	<p>көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады. "Құрсауды ұстап ал" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Жұпта тұрып, құрсауларды бір-біріне домалатуды жаттықтыру; шапшаңдыққа, ептілікке, дәлдікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, ойын тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Жуынып болсаң,</p>			

	<p>Су кранын жапсаң, Орамалмен сүргініп, Оның орнын тапсаң, Қуанып қаларсың, Яғни, тәртіпті баласың. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Түскі ас	<p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, сауықтыру-шынықтыру шаралары.) Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына, Тауысып іш, қалдырма.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жатып, қолды иекке таяп қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпірқосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер жасау. «Тышқандар». Массаж кілемшесінде аяқтың ұшымен және өкшесімен айналып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". (еңбек дағдылары, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) Мақсат-міндеттер: балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>				
Бесін ас	<p>Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		<p>Сурет салудан ойын-жаттығулар "Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып,</p>	<p>"Пайдалы - зиянды" дидактикалық ойыны. Азық-түліктер (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің дәрумендердің адам ағзасына</p>	<p>Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Балалардың қолынан қорек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру;</p>	<p>"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау.</p>

		<p>ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету «Әділеттілік - адамгершілік».</p> <p>"Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ әрекетті қолдауға, әділетсіз әрекетті мойындауға (кешірім сұрауға), әділ пікірін білдіруге баулу, әділдікке тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.</p> <p>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері таңдайды немесе педагог ұсынады.</p> <p>Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану, әйгілі әнді бірігіп айтуды ұсыну.</p>	<p>пайдасы туралы түсінік беру; "Денсаулық - зор байлық" сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін алдын-алуға болатынын түсінуге көмектесу; өз денсаулықтарын нығайту, пайдаланатын азық-түліктердің пайдасы мен зияндылығын түсіндіру.</p> <p>Ойын басында тәрбиеші балаларға үлкен парақ бетте бейнеленген пайдалы азық-түліктерді жасыл маркермен қоршауды ұсынады, Ары қарай тәрбиеші басқа азық-түліктердің зиянын түсіндіреді, балалармен бірге талқылайды. Бағыттаушы сұрақтар арқылы ойын барысында тәрбиеші балаларға тағам бойынша маман, шынығу бойынша нұсқаушы болуға мүмкіндік береді.</p> <p>"Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы.</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту.</p> <p>Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).</p>	<p>суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру.</p> <p>"Не артық?" дамытушылық ойыны.</p> <p>Максат-міндеттері. Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.</p> <p>Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. (танымдық дағдылар)</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Театрландырылған қойылым. (тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>"Алма" ертегісі</p> <p>Максат-міндеттері. Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; дос болу, бөлісу, сараң болмау туралы ұғымдарды жетілдіру.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің</p>	<p>Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады.</p> <p>Құралдар: жемістер мен көгөністерді өсіру үшін адамның қалай енбектенетіні туралы суреттер.</p> <p>"Су, аспан, жер" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың тірі табиғат нысандары жайлы білімдерін бекіту; құстар, өсімдіктер, жануарлардың жіктелуі туралы ұғымдарын жетілдіру; ойлау қабілетін, қиялдарын, зейіндерін дамыту; сөздік қорды белсендіру; тапқырлыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысында доп қолданылады. Балалар жарты шеңбер немесе шеңбер құрып отырады. Бірінші кезеңде ойын шартын көрсету үшін, бастаушы рөлін тәрбиешінің өзі орындайды. Бастаушы допты кезекпен әр баланың қолына лақтырады да "су!", немесе "аспан!", немесе "жер!"- деп айтады. Допты алған бала, әр белгі сөзге тиісті сөз тауып атайды.</p>
--	--	---	--	---	---

				бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға	
Балалармен жеке жұмыс		Жаңылтпаш жаттайық. 1) Дөп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қырқада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марқа арқар бар.	"Жомарт күз" Мақсат-міндеттері. Жомарт күз тақырыбында суретке қарап әңгіме құрастыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызында З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты/жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза»,	Кел, санайық 1-ден 5-ке дейін және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атап, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (математика негіздер) BilimKids мультфильмін көрсетіп пысықтау. Бес балапан
Серуенге дайындық	Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. (қоршаған әлеммен таныстыру) Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен		Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылауға үйрету; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды); қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Бақылау: күздің алғашқы өзгерістері және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі	Торғайды бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайындағы түсінік пен білімді тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қыстағы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы дене пішініне қарағанда, қоңыр, сұр, қара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың,	Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Ауа райын бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылауға үйрету; күз мезгіліне тән табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту; қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар	Көліктерді бақылау. (қоршаған әлеммен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол), жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Көліктерді жүргізетін тек ересектер болатынын байқату; көлікті жүргізу үшін рұқсат болу керектігін түсінуге жағдайлар жасау; жол ережелерін пысықтау. Ережені есте сақтау жаттығуы. Жұмбақ жасыру. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы

		<p>– суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр бұлттар, бұлыңғыр аспан, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту. Табиғатты сүюге баулу. Ауа райын байқайық, Аспан, ағашқа қарайық. Бұлтты аспан, Ашық па, Жел есе(ді) ме, Соға(ды) ма, Күн жылы ма, Суық па. Ауа райын байқайық, Не киеміз, қарайық. (Д. Ахметова) Қимыл-қозғалыс ойыны. «Мысық пен тышқан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады.</p>	<p>Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: құстарды қоректендіру. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: қыстайтын құстарды қоректендіру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, қамқорлыққа тәрбиелеу. Құстарға жақындамауды, ашық жерге қоректі орнаастырып, қауіпсіз жерден құстардың қоректену барысын бақылауға мүмкіндіктер жасау. "Кім жоғары?" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды қадағалау.</p>	<p>мұзға айналды); қоршаған әлемге деген сүйіспеншілікті арттыру. Дина Ахметова "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету, физикалық қасиеттерді: жылдамдықты, шыдамдылықты, ептілікті жетілдіру; алаңда дұрыс қозғала білу, бір-біріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару қабілеттерін дамыту. Қауіпсіздік. Ойнда қимылдауда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларға бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту.</p>	<p>түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. "Автокөліктер" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: алғырлықты, жүгіру жылдамдығын, бәсекелестік сезімін дамыту. "Секірейік" қимыл-қозғалыс жаттығуы. Мақсат-міндеттер: бір орыннан екі аяқпен ұзындыққа секіру дағдысын қалыптастыру; күш-жігерін дамыту. "Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p>				

	<p>Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Жуынып болсаң, Су кранын жапсаң, Орамалмен сүртініп, Оның орнын тапсаң, Қуанып қаларсың, Яғни, тәртіпті баласың. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.</p>				
Кешкі ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)		<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Міндеттер. Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту. (коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка) Міндеттер. Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды</p>

				дамыту.	дамыту.
Балалардың үйге қайтуы		Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.	Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау.